

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1973>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF2017>***Г. Төкенқызы**

Л. Н. Гумилев атандағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4993-9927>*e-mail: gulnaztokenkyzy@gmail.com**САЯСИ ДИСКУРСТАҒЫ ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТ
ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАР**

Мақала саяси мәтіндегі тілдік құралдардың прагматикалық ерекшелігін айқындауға арналған. Зерттеуде саяси дискурстағы тілдік құзірет пен прагматикалық стратегиялардың қызметі талданады. Сондай-ақ саяси мәтін, саясаткердің тілдік құзіреті мен коммуникациялық шеберлігі, шешендік қырлары саяси мақсатқа қол жеткізудің негізгі факторлары екендігі көрсетіледі. Мақалада тілдің құрылымдық, функционалдық, прагматикалық деңгейлері талдауға түседі. Иллокутивті және перлокутивті актілердің саяси мәтіндердегі қызметі лингвопрагматикалық тұрғыдан зерделенеді. Зерттеу барысында еліміздегі саясаткерлердің дискурстары талдау нысаны болған.

Қазіргі тіл білімінде саяси дискурс қоғамның әлеуметтік, мәдени және танымдық құрылымын бейнелейтін күрделі коммуникативтік феномен ретінде қарастырылады. Саяси коммуникацияның мазмұнын талдауда әлеуметтік ерекшеліктердің ескерілуі айрықша маңызды, себебі дискурс – тек тілдік көрініс емес, ол қоғамдағы идеологиялық қатынастар мен әлеуметтік өзара әрекеттің нәтижесі. Сөз бұл үдерісте ақпарат жеткізудің ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сананы қалыптастырудың, әлеуметтік рөлдер мен құндылықтарды ұғындырудың құралы қызметін атқарады. Демек, тіл саяси кеңістікте индивидтердің өзара қарым-қатынасын қамтамасыз етіп, олардың когнитивтік әрекеттерін реттейтін әлеуметтік тетікке айналады. Сөз – әлеуметтік әрекеттің ерекше формасы, ол адамның дүниетанымдық бейнесін, ұжымдық жадын және саяси тәжірибесін бейнелей отырып, нақты идеологиялық контексте жүзеге асады. Сондықтан мақалада саяси дискурстағы лексемалардың әлеуметтік мәні, когнитивтік мазмұны және прагматикалық қызметі кешенді түрде қарастырылады.

Кілтті сөздер: саяси дискурс, тілдік құзірет, прагматика, иллюкутивті акт, перлокутивті әсер, коммуникациялық стратегия, әлеуметтік лингвистика.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану үдерістері мен ақпараттық-коммуникациялық кеңістіктің қарқынды дамуы жағдайында саяси мәтін – қоғамдық сананы қалыптастырудың, саяси идеялар мен құндылықтарды тарату мен легитимациялаудың негізгі құралдарының бірі. Саяси дискурс шеңберінде қалыптасқан мәтіндер билік пен қоғам арасындағы коммуникацияны жүзеге асырып қана қоймай, қоғамдық пікірге ықпал ету, саяси ұстанымдарды орнықтыру, ұлттық бірегейлікті сақтау және әлеуметтік-саяси үдерістерді интерпретациялау қызметін атқарады. Осыған байланысты саяси мәтін тілін лингвистикалық, дискурстық және прагматикалық тұрғыдан талдау қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы өзекті бағыттардың қатарын құрайды. Бүгінгі таңда саясат – тіл арқылы жүзеге асатын ықпалды әлеуметтік институт. Саясаткердің табысты қызметі оның бағдарламалық мақсаттарымен қатар тілдік құзіретіне, яғни шешендігі мен коммуникативтік шеберлігіне де байланысты. Тіл саяси кеңістікте ықпал ету, сендіру және қоғам санасына әсер ету құралы ретінде қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, саяси дискурс – прагматикалық стратегиялардың ең жиі әрі тиімді қолданылатын саласы. Саяси дискурс – билік пен қоғам арасындағы тіл арқылы жүретін коммуникация жүйесі. Ол тек ақпарат бермейді, бағыттайды, қоғамдық сананы қалыптастырады. Ол – мәтін, мақсат, қатысушы, прагматикалық жағдайлардан тұратын күрделі коммуникативтік жүйе. Саясаткердің тілдік құзіреті тіл нормаларын жетік меңгеруі, сөйлеу актілерін мақсатқа сай қолдануы, аудиторияның психологиялық ерекшелігін ескеруі, әсер ету, ықпал ету, иландыру, бағыттау стратегияларын меңгеруінен көрінеді.

Аталған тақырыптың өзектілігі саяси мәтіндерге деген ғылыми қызығушылықтың тұрақты түрде артуымен қатар, бұл салада бірқатар теориялық және әдіснамалық мәселелердің әлі де толық шешімін таппауымен айқындалады. Саяси мәтіннің тілдік құрылымы, семантикалық қабаттары, риторикалық стратегияларымен манипулятивтік тетіктері әртүрлі зерттеулерде қарастырылғанымен, оларды кешенді, көпқырлы талдау қажеттілігі сақталуда. Әсіресе саяси мәтіннің ұлттық-мәдени кодпен, идеологиялық бағыттармен және адресаттың қабылдау ерекшеліктерімен байланысын жүйелі түрде зерделеу өзекті мәселе болып табылады. Саяси мәтін тілін талдау арқылы билік дискурсының тілдік механизмдерін, аргументация мен бағалау құралдарының қызметін, сондай-ақ саяси коммуникациядағы «Экономикалық серпіліс», «жаңа мүмкіндіктер заманы»

тілдің ықпал ету әлеуетін айқындауға болады. Саяси мәтіндерді талдау нәтижелерін бұқаралық коммуникация, саясаттану, журналистика, білім беру салаларында, саяси шешімдер мен қоғамдық пікір қалыптастыру үдерістерін сараптауда қолдану мүмкіндігі бар. Осы тұрғыдан алғанда саяси мәтін тілін талдау қазіргі әлеуметтік-саяси шындықты түсіндіруде маңызды ғылыми-тәжірибелік мәнге ие кешенді мәселе ретінде қарастырылады.

Материалдар мен әдістері

Мақаладағы әдіснама негізінен дискурс, прагматика ұғымдарына негізделген. Саяси мәтіндердің тілдік, прагматикалық, дискурстық қырларын кешенді түрде ашу үшін зерттеуде прагмалингвистика, дискурс талдау, когнитивтік лингвистика, социалингвистика әдістері ұштастырыла қолданылған [1].

Мақалада қолданылған басты әдіс – дискурстық талдау. Осы талдау арқылы саяси мәтіндегі сөйлеушінің мақсаты, адресатқа әсер ету тәсілдері айқындалады [2]. Мәтіндегі прагматикалық талдау әдісі саяси мәтіндердегі айтылымдардың иллокутивті және перлокутивті қызметін ашу үшін қолданылған. Сөйлеу актілері, прагматикалық маркерлер талдауға түседі. Когнитивтік лингвистикалық талдау қолданылуының мақсаты – мәтіндегі саяси ойлаудың тілдік бейнеленуін, метафоралар жүйесін ашу, фреймдік талдау арқылы саяси дискурстағы саяси оқиға мен ұғым қалай құрылып, ұсынылатынын зерттеу. Сонымен қатар мақалада стилистикалық, риторикалық талдау мәтін тілінің экспрессивтік және эмоционалдық әсерін анықтау үшін пайдаланылған. Мақалада саяси дискурстың қоғамдағы әлеуметтік топтарға әсерін және мәдени контекстпен байланысы социалингвистикалық және коммуникативті талдау арқылы ашылады. Аталған әдіс-тәсілдерді кешенді қолдану саяси дискурстың тілдік-коммуникативтік табиғатын, саяси субъектінің прагматикалық күзіретін, саяси мәтіндердің қоғамдық санаға ықпал етуін ашуға мүмкіндік туғызады [3].

Нәтижелер және талқылау

Прагматикалық стратегиялар саясаткердің мақсатты аудиторияға әсер ету тәсілдерінен көрінеді. Жалпы прагматика – сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қатынасты, сөздің әсер ету әлеуетін зерттейтін тіл білімінің саласы. Ғалым З. К.Темиргазина прагматиканың лингвофилософиялық негіздері мен міндеттерін ғылыми негіздесе, З. Ерназарова «Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі» атты монографиясын қазақ тіл білімінің прагматика саласына қосылған үлкен үлес деп санауға болады. Зерттеуші Д. Әлкебаева, А. Машимбаева еңбектерінің рөлі зор [4].

Адресанттың мақсат-ниеті мәтін арқылы адресатқа әсер етуінен мәтіннің прагматикасы көрінеді. Сөйлеу актілерін зерттейтін сала – прагматика.

«Прагматика сөйлеу актісі тұрғысынан қарастырылып, үш бірдей аспектісі есепке алынады :

- 1) сөйлеушінің қолданылып отырған таңбаларға қатынасы;
- 2) тыңдаушы тарапқа сөз ықпалы,
- 3) сөйлеушілердің аялық білімі мен олардың сөз күзінеттілігі» [5, 16-б.].

Ч. Моррис прагматика мәселелерінің риторика қағидаларымен өзектес екендігін ерекше атап көрсетеді [6, 50-6]. Мұны орыс ғалымдары да теріске шығармайды. Бұл ұқсастық негізінен, екеуінің де тілдік таңбалардың белгілі бір мақсатта жұмсалатындығынан туындаған. Ғалым Н.Д.Арутюнованың жүйелеп көрсеткеніндей прагматика жалпылама алғанда, біріншіден, айтылған ойдың иесіне, екіншіден, тілдік қатысымдағы тыңдаушыға, үшіншіден, қатысымдық жағдаятқа байланысты мәселелер кешенін қарастырады [7, 389-б.]. Ғалымдар пікірін назарға алсақ, прагматика сөйлеу актілерін зерттейді. «Прагматика сөйлеу актілері мен олардың жүзеге асу мәнмәтінін зерттейді» [8, 423-б.], – десе, енді бірі «прагматикалық лингвистика коммуниканттардың сөйлеу әрекетін зерттейді», – деп анықтайды [9, 129-б.]. Тіл білімінде тілдік күзінет ұғымы Н.Хомскийдің лингвистикалық теорияларында танылады, Д. Хаймс, М. Канал, М. Суйн еңбектерінде коммуникативтік күзінет анықталса, Л. Бахман, Дж Остин, Дж Серлен зерттеулерінде прагматикалық күзінет жайлы баяндалады.

Тілдік күзінет – тілдік білім мен дағдыларды әлеуметтік және кәсіби жағдайларда дұрыс қолдана білу қабілеті. Ол бірнеше деңгейден тұрады: лингвистикалық күзінет – тілдің грамматикалық құрылымын, сөздік қорын меңгеру; коммуникативтік күзінет – қарым-қатынас жағдайына сәйкес тілдік құралдарды тиімді қолдану; мәдени-тілдік күзінет – тіл арқылы ұлттық мәдениет пен дәстүрді, дүниетанымды игеру; әлеуметтік лингвистикалық күзінет – тілдік бірліктерді әлеуметтік жағдайға сай қолдану (әдеби тіл, бейресми тіл, кәсіби сөйлеу т.б.); прагматикалық күзінет – сөйлеудің мақсатқа, жағдайға сай ұйымдастырылуы (мәтін құрастыру, диалог жүргізу); дискурсивтік күзінет – байланыстыра сөйлеу, мәтіннің тұтастығын сақтау. Стратегиялық күзінет – тілдік кедергіні жеңу үшін түрлі тәсілдерді қолдану (қайта айту, түсіндіріп жеткізу, ишараны пайдалану). Бұл деңгейлердің бір-бірімен өзара байланысы тілдік күзінеттің толыққанды қалыптасуын қамтамасыз етеді. Тіл саясаты азаматтардың тілдік күзінетіне тікелей ықпал етеді. Мемлекеттік бағдарламалар, білім беру жүйесіндегі реформалар және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамда тілдік күзінет артады. Сонымен қатар тілдік күзінеті жоғары азамат саяси мәдениетке белсенді араласады. Саяси пікірталастарда, қоғамдық талқылауларда ойды дәл әрі сауатты жеткізе білу азаматтық белсенділіктің көрсеткіші болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда тілдік күзінет саясаттың тиімді жүзеге асуына,

саяси идеялардың қоғамға дұрыс жеткізілуіне мүмкіндік береді. Саясат пен тілдік құзірет – өзара тығыз байланысты құбылыстар. Саясат тілдің қоғамдық мәртебесін айқындап, оның дамуына жағдай жасаса, ал тілдік құзірет саясаттың мазмұнын халыққа дұрыс жеткізуге, азаматтардың саяси үдерістерге белсенді қатысуына жол ашады. Сондықтан қазіргі қоғамда тілдік құзіретті дамыту тек мәдени қажеттілік ғана емес, саяси тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің де маңызды шарты болып табылады. Сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қатынасты, сөздің әсер ету әлеуетін зерттейтін ғылым саласын прагматика дейміз. Саяси дискурста прагматикалық стратегияларды талдайтын болсақ, саясаткердің мақсатты аудиторияға әсер ету тәсілдерінен көрінеді. Прагматикалық стратегияның амалдары: иллокутивті актілер, перлокутивті әсерлер, эвфемизмдер, метафоралар т.б. «иллокутивтік функция – сөйлеушінің адресатқа ықпал ету және адресат әлеміне – оның әрекетіне, ойына, сезіміне әсер етуімен түсіндірілетін сөйлеушінің коммуникативті ой-ниеті» [10, 25-б.]. «Айтылымның иллокутивтік күші сөйлеушінің коммуникативтілігін көрсететін сипаттамалар кешенінен тұрады. Иллокутивті күштің компоненттеріне:

- 1) айтылымның иллокутивтік мақсаты;
- 2) иллокутивтік мақсаттың энергиялық қасиеті;
- 3) иллокутивтік мақсатқа жету амалы;
- 4) пропозициялық мазмұн;
- 5) дайындық жағдаяттары;
- 6) шынайылық жағдаяты;

7) шынайылықты көрсету дәрежесі жатады» [11, 252-б.]. Президент Қ. Ж. Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы иллокутивті актілер көрінісін талдар болсақ *«Үкімет осы мәселені мұқият зерделеп, нақты ұсыныстар енгізуі керек»* (<https://www.akorda.kz/kz>) *«Парламенттен Үкіметтің ұсыныстарын жедел қарауды сұраймын»* (<https://www.akorda.kz/kz>). *«Біздің мақсат – халықтың әл-ауқатын арттыру».*

Тыңдаушының психологиялық немесе мінез-құлқына әсер ету, тыңдаушының сенімін арттыру мақсатын көздеген тілдік қолданыстар, яғни перлокутивтік әсерлер саяси мәтіндерде қолданылады. *«Әділдік, инклюзивтік және үнемшілдік жаңа экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады»* деген қолданыстар тыңдарманның мотивациясын арттырады. Саясаткердің эмоционалды сөйлеуі халықты шабыттандырады. Кейде наразылық тудыру мақсатын да жұмсалуды мүмкін. Саяси мәтіндердегі шешендік бедел мен патриоттық сезімді тілдік бірліктер арттыруы мүмкін. Кей ғалымдар перлокутивті актіні сөйлеу актісінен тыс алып қарайды. Сөйлеу актісіне жатқызбайтын себебін лингвистикалық салаға жатпауымен түсіндіреді

[12, 252-б.]. Ал М. Бахтин «тыңдалатын сөз мағынасын пассивті түрде түсіну – бұл жай ғана толыққанды шынайы түсінудің абстрактілі кезеңі. Ол өз кезегінде сәйкесінше жауап түрінде жүзеге асады [13, 260-б.]. Саясаткердің тілдік құзіреті грамматикалық сауаттылықтан ғана тұрмайды, моральдық, этикалық, мәдени риториканы да қамтиды. Саяси мәтіндердегі шешендік әдістер тыңдарманға әсер етудің этикалық моделін қалыптастырады. Мысалы, *«Халқымыз «судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Саяси мәтіндегі «экономикалық серпіліс», «жаңа мүмкіндіктер заманы» деген тіркестер оптимистік әсер қалдыраы сөзсіз. тыңдарманның жүрегіне жақын ұрандар қолданылуы керек. Ұтымды қолданылған эвфемизмдер мен метафоралар қоғамдық пікірді жұмсарту, идеологиялық бағытты арттыру үшін де қызмет етеді. Қазақ саясаткерлері тіліндегі ұлттық мәдени кодқа негізделген тілдік бірліктер экспрессивтілігімен ерекшеленеді, яғни қазақ шешендік дәстүрі саяси коммуникацияда ұлттық мәдениет элементтерін сақтауға мүмкіндік береді.*

Саяси дискурстағы стратегияларға шолу жасасақ, легитимация стратегиясы саяси шешімдердің заңдылығын дәлелдеу мақсатында көздейді. Мысалы, *«Қолға алған шаралар нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады». «Адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалды. Әділдікті және заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Шешім қабылдау үдерісінде азаматтардың қатысу мүмкіндігі артты. Қоғамның саяси мәдениеті мүлде жаңа сипатқа ие болды»* (<https://gp11.kz/kz/>).

Халықты ортақ идеяға топтастыру мақсатын көздеген интеграциялық стратегия саяси дискурстарда қолданылады. Мысалы, *«Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет»* (<https://kaz.kazlenta.kz>)

Бағалау стратегиясы тыңдарман назарын бұрынғы жетістіктер мен келешек мақсат қоюды нақты деректер арқылы бере отырып тартады: *«Былтырдың өзінде ІТ саласындағы экспортымыз бес есе өсті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 500 миллион долларға жетуі мүмкін. Әрине, мұнымен шектелмейміз». «Былтыр банктердің таза пайдасы бір жарым триллион теңгеге жуықтады. Ал осы жылдың бірінші жартысында – бір триллион теңгеден асып кетті. Банктер тиімді жұмыс істегеннің арқасында емес, негізінен Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстап тұрғандықтан, осындай мол пайдаға кенелді»* (<https://www.akorda.kz/kz/>).

Мобилизациялық стратегия халықты және Үкіметті белсенді әрекетке шақыру мақсатын көздейді. Мысалы, *«...экономикамызды іс жүзінде*

әртараптандыруды қамтамасыз ететін сапалы жобалар ұсынуға тиіс». «Үкімет көптен бері түйіні тарқамай келе жатқан осы мәселені шұғыл шешуге тиіс» (<https://www.akorda.kz/kz>).т.б.

Эмпатия көрсету – халықтың мәселелерін түсінетінін білдіру. Бұл тәсіл арқылы президент өзін саясаткерлерге емес, тыңдап отырған халыққа қосып, «мен сіздермен біргемін» деп отыр. Жолдау барысындай осындай ауызекі сөздерді стратегиялық түрде қолданып отыр. Мұнда метафоралық қолданыс байқалады. *«Бүгінде Қазақстандағы сәулет-құрылыс қызметін реттейтін 2,5 мыңнан астам құжат бар. Бұл жүйе әбден қағазбастылыққа көмілген. Жемқорлық аз емес. Ескі құрылыс стандарттары мен нормалары әлі де қолданылады. Сондықтан Үкіметке мүлдем жаңа құжат – Қала құрылысы кодексін қабылдауды тапсырамын»* (<https://www.akorda.kz/kz/>). Мысалы, «қағазбастылық» сөзінің орнына «құжат рәсімдеу процесі тиімсіз ұйымдастырылған» деуге де болар еді.

«Бюджет қаражатының қайтарымы болуы керек. Мемлекет қаржыны оңды-солды шашып, ысырап етуге жол бермейді». Мысалы, оңды-солды шашып, деудің орнына «орынсыз жұмсау, есепсіз жұмсау» деуіне де болар еді. «Бүгінде мемлекеттік органдардың, соның ішінде күштік құрылымдардың бизнесті тексеруге жаппай кірісіп, бағалар мен тарифтерді төмендетуді талап етуі жиілеп кетті. Құр дақпырт үшін жасалатын мұндай әрекеттерді доғару керек» (<https://www.akorda.kz/kz/>). «Құр дақпырт үшін» деген тілдік бірліктің орнына «популистік әрекеттер» деп ресми стильде қолдануға болар еді.

Саяси мәтіндердегі тілдік құзіреттің маңызы: қоғамдық пікірді қалыптастыру – тілдік құзіреті жоғары саясаткер өзінің идеясын нақты әрі түсінікті жеткізеді. Ұлттық бірегейлікті нығайту: саяси мәтіндерде ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ортақ мүддені таныту үшін ұтымды тілдік құралдар қолданылады. Манипулятивтік функция: кей жағдайда тілдік құзірет аудиторияны иландыру мен сендіру құралы ретінде жұмсалады. Қазіргі таңда саяси коммуникацияның рөлі мен маңызы ерекше болуы халық пен билік арасындағы көптеген мәселелерді дұрыс түсінуге, адекватты түрде интерпретациялауға жетелейді. Ал саясаткердің ерекшелігі оның сөзінің дискурстық сипаттылығында, саясат тек сөз арқылы интерпретацияланады.

Ұтымды тілдік стратегиялар: аудиторияға бейімделу – тыңдарманның жасын, білімін, мәдениетін ескере отырып сөйлеу; айқындық пен түсініктілік – күрделі терминдерден гөрі қарапайым, нақты тіл қолдану; метафоралар мен бейнелі сөздер – ойды есте қаларлықтай жеткізу; дәйек пен статистика қолдану – сөздің сенімділігін арттыру; позитивті фрейминг – проблеманы шешіммен бірге ұсыну (мысалы, «қиындық бар, бірақ біз оны былай шешеміз»); қайталамалар мен ұрандар – негізгі идеяны бекіту; қарым-

қатынасқа ашықтық – сұрақтарға жауап беру, сынға бейтарап/сабырлы қатынасу; эмпатия көрсету – халықтың мәселелерін түсінетінін білдіру.

Ұтымсыз тілдік стратегиялар: көпсөзділік, шұбалаңқы сөйлемдерді жиі қолдану – нақты мазмұнсыз ұзақ сөйлеу; күрделі бюрократиялық тіл – қарапайым азамат үшін түсініксіз терминдерді қолдану; қарсыласты кемсіту – агрессия мен негатив аудиторияны алыстатады; уәдені асыра айту – орындалмайтын уәделер сенімсіздік тудырады; қайшылықты сөздер – бір контекстте бірдеңе айтып, басқа жағдайда қарама-қайшы мәлімдеме жасау; эмоцияны бақыламау – ашулану, шамадан тыс ызалану; аудиторияны елемей – халықтың сұрағын тыңдамау немесе айналып өту.

Позитивті фрейминг. *«Біз экономикамызда қордаланған мәселелерді жақсы білеміз. Мысалы, шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз. Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ».*

Әрине, мұның барлығы – күрделі мәселелер. Бірақ оны шешудің нақты жолдары бар. Атап айтсақ, бұл – макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру. Сондай-ақ шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру. Сондықтан тың тәсілдер қажет екені сөзсіз» (<https://www.akorda.kz/kz>). *«Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолайрықта орналасқан. Бұл біздің елімізге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс»* (<https://www.akorda.kz/kz>).

Позитивті фреймингінің ұтымсыз жағына мысал. Берілген мәтінде эмпатиялық стратегия қолданылған, проблеманы айқындайды, бірақ нақты шешім немесе әрекет бағдарын көрсеткен жоқ. *«Жалпы, ашығын айтуымыз керек, Үкіметтің жұмысында қайта-қайта олқылықтар болып жатыр. Біресе жанар-жағармай, біресе шекер жетіспейді. Осының бәрі Үкіметтің нақты шешім қабылдауға келгенде өте баяу қимылдап, батыл қадам жасай алмауынан болып отыр. Мұндай жағдайға азаматтардың да көңілі толмайды. Әрине, бұл – орынды. Сондықтан, дәл осылай жалғаса берсе, тағы да нақты кадрлық шешімдер қабылдауға тура келеді»* (<https://www.akorda.kz/kz>).

Талдау нысаны болып отырған саяси мәтінде «халық игілігі», «әділдік», «береке», «даму», «бірлік» сияқты қайталанатын лексемалар биліктің жауапкершілігін және халықтың сенімін символдық деңгейде нығайту мақсатында қолданылады. Саяси мәтіндерде ел дамуын бейнелейтін когнитивті рамкалар да жиі қолданылады: «жаңа экономикалық үлгі», «Әділетті Қазақстан», «тұрақты даму». Бұлар қоғам санасындағы үміт пен

сенімге бағытталған дискурстық стереотиптер, әрі ел дамуының идеалды моделін білдіретін концепт-символдар. «Бірлік», «еңбекқорлық», «адалдық» концептілері ұлттық мінездің оң бейнесін қалыптастыратын компоненттер.

Т.ван Дейк зерттеулерінде тіл мен идеология арақатынасы қарастырылады. Ғалым тілдің алдымен когнитивті, кейіннен әлеуметтік құрылымдарымен байланысын айқындап береді. Ол идеологияны әлеуметтік танымның бір тәсілі деп таниды [14, 57-б.].

Саяси дискурс құрылымында әлеуметтік факторлар айырықша мәнге ие, өйткені тіл қоғамдық шындықты бейнелеудің және оны ұжымдық санада қайта жаңғыртудың басты механизмі ретінде көрінеді. Сөз коммуникативті әрекет қана емес, сонымен қатар индивидтердің когнитивтік модельдерін, әлеуметтік ұстанымдары мен бағалау жүйелерін көрсететін концептуалды құрал болып табылады. Осы тұрғыдан сөз әлеуметтік тәжірибені кодтай отырып, қоғам мүшелерінің өзара байланысын қамтамасыз етеді және танымдық үдерістердің әлеуметтік табиғатын айқындайды. Саяси мәтіндерде жиі қолданылатын концептілерге тоқталсақ, «әділет» концептісі – саяси дискурстағы басты идея деуге болады (мысалы, «әділ механизм», «әділетті экономика», «әділ жалақы», «әділ қоғам», «Әділетті Қазақстан» т.б.)

Саяси дискурстағы концептуалды метафоралар да тыңдарманын тартады. Экономика тірі «ағза», оны сауықтыру қажет, жаңғырту қажет. Мысалы, *«Тау-кен саласын басқару жүйесін жуық арада жаңғырту қажет»*. *Саяси дискурстағы когнитивтік сценарий схемасы: қазіргі жағдай – реформа-өркендеу. Бұл тыңдарманның болашаққа сенімін қалыптастырады.*

Саяси мәтіндерде қайталамалар мен ұрандар жиі қолданылады. Мысалы, *«Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз»*. Қайталамалар мен ұрандар риторикада ұтымды болуымен қатар, оның керісінше саясаткердің имиджін төмендетуі де мүмкін. Кейде «Жаңа Қазақстан», «Жаңару», «Әділетті мемлекет» сияқты тіркестер жиі қайталанып, нақты мазмұнсыз қолданылса, оларды халық клише ретінде қабылдап, салмағын жоғалтады. «Жаңа Қазақстан» терминінің құнсыздануы ең көрнекі мысал. Ол әлеуметтік желіде, халық арасында сарказм ретінде өте жиі қолданылып жүр. Сананы селт еткізетін ұрандар қолданылуы керек. Тыңдарманның жүрегіне жақын ұрандар қолданылуы тиіс.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ҒЗЖ шеңберінде жүзеге асырылатын АР 26102027 «Қазақстанның халық тығыз орналасқан аймақтарындағы әлеуметтік-саяси депривация және оның ұлтаралық

консолидацияға және қоғамдық оптимизмге әсері» атты ғылыми-зерттеу жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Саяси мәтіндерді талдау арқылы саяси дискурстың табиғаты көпқабатты тілдік және прагматикалық құбылыс екендігін байқаймыз. Саяси мәтіндер саяси коммуникацияның басты ерекшелігі – қоғамдық пікірге әсер ету мен сендірудің тілдік құралдары арқылы жүзеге асатынын көрсетті. Дискурстық талдау нәтижесінде саяси мәтіндерде билік пен адресат арасындағы қарым-қатынас тіл арқылы жүзеге асатынын көрсетті. Мысалы, «халық», «бірлік», «жаңару», тұрақтылық», «реформа», «болашақ», сияқты концептілер жиі жұмсалып, ұлттық бірлік пен оптимистік көзқарасқа жетелейтін идеологиялық фрейм қалыптастыратыны айқын болды.

Саяси мәтіндерге прагматикалық талдау жасау арқылы саяси қайраткердің тілдік күзіреті олардың иллюкутивті және перлокутивті әрекеттерден көрініс табатынын дәлелдеуге болады. Мысалы, үндеу, уәде, сенім білдіру, иландыру, алғыс айту, ескерту, сияқты сөйлеу актілері тыңдаушыға бағытталған мақсаты қолданыстар болып табылады. Бұл сөйлеу актілері арқылы саяси дискурста сендіру, легитимация және манипуляция стратегияларын іске асырады. Мәтінге когнитивті талдау жасау барысында саяси ойлаудың метафоралық және символдық табиғатын тануға болады. Мысалы, «мемлекет – отбасы», экономика – тірі организм», «жол – даму бағыты» сияқты концептуалды метафоралар саясаткердің когнитивтік моделі мен ұлттық дүниетанымының өзара сабақтастығын дәлелдейді. Ғылыми мәтіндегі қайталаулар, антитеза, ұран, параллелизм сияқты тілдік құрылымдар эмоциялық әсер мен экспрессивтік қуатты күшейтуге қызмет ететіні айқындалды. Мысалы, «Бір мақсат – бір мүдде-бір болашақ!», - тәрізді құрылымдар саяси дискурстың қызметін айқындайды. Саяси мәтінге контентті талдау жасау арқылы бұл мәтіндер депозитивті бағалау, сенім тудыратын лексемалардың қолданысы басым екендігін көрсетті. Саясаткердің тілдік күзіреті стратегиялық сипатқа ие, әрбір сөз таңдау белгілі бір прагматикалық мақсатқа бағытталатындығын аңғаруға болады.

Жалпы алғанда, саяси мәтіндердегі тілдік күзірет тек тілдік норма мен грамматикалық сауаттылықты емес, коммуникативтік, әлеуметтік, когнитивтік қабілеттердің тоғысын білдіреді. Саяси дискурстың табысты коммуникациясы тілдік құралдарды прагматикалық мақсатта ұтымды қолдана алуына байланысты. Сонымен, саяси дискурстағы тілдік бірліктер – ақпарат жеткізу құралы ғана емес, қоғамдық сана мен идеологиялық ықпалдың негізгі тетігі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Темиргазина, З. К.** Лингвофилософские основы прагматики [Текст] // Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике. – Павлодар, 2002. – С. 204.
- 2 **Ерназарова, З.** Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі [Мәтін]. – Алматы, 2001. – 193-б.
- 3 **Әлкебаева, Д. А.** Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы: фил. ғыл.док. ...дисс. – Алматы, 2006. – 270-б.
- 4 **Машимбаева, А. Ж.** Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы: фил.ғыл.канд. ...дисс. – Алматы, 2009. –124-б.
- 5 **Данилова, М. А.** Речевые акты в текстах евангельских притч: дисс. ...канд.фил.наук. – Алматы, 2008. – С. 222
- 6 **Моррис, Ч.** Основание теории знаков [Текст] // Семотика. Антология. – Екатеринбург, 2001. – С. 419–438.
- 7 **Арутюнова, Н. Д.** Лингвистический-энциклопедический словарь / под редакцией В. Н. Ярцевой. – М. : Советская энциклопедия, 1990. – С. 685
- 8 **Столнейкер, Р. С.** Прагматика // Новое в зарубежной лингвистике. – М. : Прогресс, 1985. – Вып. 16. – С. 419–438.
- 9 **Сусов, И. П.** Семиотика и лингвистическая прагматика [Текст] // Язык, личность и дискурс. – Тверь, 1990. – С. 125–133.
- 10 **Кенжеқанова, Қ. К.** Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша): философ (PhD) док.ғыл ...дисс. – Алматы, 2015. – 187-б.
- 11 **Серль, Дж.Р., Вандервекен, Д.** Основные понятия исчисления речевых актов [Текст] //Новое в зарубежной лингвистике. – М. : Прогресс, 1986. – Вып. 18. – С. 242–263.
- 12 **Серль, Дж.** Что такое речевой акт? // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 17. – М.: Прогресс, 2006. – С. 151–169.
- 13 **Бахтин, М. М.** Эстетика словесного творчества. – М. : Искусство, 2010. – 423 с.
- 14 **Ухванова-Шмыгова, И. Ф.** Языки и идеология: к вопросу о построении теории взаимодействия. Т. ван Дейк (пер.с англ. И. Ф. Ухвановой) // Методология исследования политического дискурса. / сост. и общ. ред. И. Ф. Ухванова-Шмыгова. – Минск : БГУ, 2000. – Вып. 2. – С. 57–67.
- 15 **Fairclough, N.** Critical discourse analysis and critical policy studies // Critical Policy Studies. – 2013. – Vol. 7. – № 2. – P. 177–197.
- 16 **Chilton, P.** Language, politics and society. – London : Routledge, 2014. – 200 p.

17 **Wodak, R.** The politics of fear: What right-wing populist discourses mean. – London : Sage, 2015. – 256 p.

REFERENCES

1 **Temirgazina, Z. K.** Lingvofilosofskie osnovy pragmatiki [The Linguophilosophical Foundations of Pragmatics] [Text] // Modern theories in domestic and foreign linguistics. – Pavlodar, 2002. – P. 204.

2 **Ernazarova, Z.** Soyleu tili sintaksisinin pragmalıngvistikalyk aspektisi [Pragmatic aspects of the syntax of spoken language] [Text]. – Almaty, 2001. – 193 p.

3 **Alkebayeva, D. A.** Qazaq tili stilistikasynyn pragmatikasy : doktor filologiyalyk gylymdar diss. [Pragmatics of Kazakh language stylistics : Doctoral dissertation] [Text]. – Almaty, 2006. – 270 p.

4 **Mashimbayeva, A. Zh.** Tilek-bata sozderinin suggestiysy men pragmatikasy : filologiya gylymdarynyn kandidaty diss. [Suggestiveness and pragmatics of words of wishes and blessings : PhD dissertation] [Text]. – Almaty, 2009. – 124 p.

5 **Danilova, M. A.** Rechevye akty v tekstakh evangel'skikh pritch : filologiya gylymdarynyn kandidaty diss. [Speech acts in the texts of evangelical parables : PhD dissertation] [Text]. – Almaty, 2008. – 222 p.

6 **Morris, C.** Foundations of the theory of signs [Foundations of the theory of signs] [Text] // Semiotics. Anthology. – Ekaterinburg, 2001. – P. 419–438.

7 **Arutyunova, N. D.** Lingvisticheskiy entsiklopedicheskiy slovar' [Linguistic encyclopedic dictionary] / ed. by V. N. Yartseva. – Moscow : Soviet Encyclopedia, 1990. – 685 p.

8 **Stolnaker, R. S.** Pragmatika [Pragmatics] [Text] // New in foreign linguistics. – Moscow : Progress, 1985. – Issue 16. – P. 419–438.

9 **Susov, I. P.** Semiotika i lingvisticheskaya pragmatika [Semiotics and linguistic pragmatics] [Text] // Language, personality and discourse. – Tver, 1990. – P. 125–133.

10 **Kenzhekanova, K. K.** Sayasi diskurstyn pragmalıngvistikalyk zhane kognitivtik komponentteri [Pragmalınguistic and cognitive components of political discourse (based on Kazakh-language periodicals)] [Text] : PhD dissertation. – Almaty, 2015. – 187 p.

11 **Searle, J. R., Vanderveken, D.** Basic concepts of speech act calculation [Basic concepts of speech act calculation] [Text] // New in foreign linguistics. – Moscow : Progress, 1986. – Issue 18. – P. 242–263.

12 **Searle, J.** What is a speech act? [What is a speech act?] [Text] // New in foreign linguistics. – Moscow : Progress, 2006. – Issue 17. – P. 151–169.

13 **Bakhtin, M. M.** Estetika slovesnogo tvorchestva [Aesthetics of verbal creativity] [Text]. – Moscow : Art, 2010. – 423 p.

14 **Ukhvanova-Shmygova, I. F.** Yazyki i ideologiya: k voprosu o postroenii teorii vzaimodeystviya [Languages and ideology: on the problem of constructing a theory of interaction] [Text] / T. van Dijk ; trans. from English by I. F. Ukhvanova-Shmygova // Methodology of political discourse research. – Minsk : BSU, 2000. – Issue 2. – P. 57–67.

15 **Fairclough, N.** Critical discourse analysis and critical policy studies // Critical Policy Studies. – 2013. – Vol. 7, № 2. – P. 177–197.

16 **Chilton, P.** Language, politics and society. – London : Routledge, 2014. – 200 p.

17 **Wodak, R.** The politics of fear: What right-wing populist discourses mean. – London : Sage, 2015. – 256 p.

18.12.25 ж. баспаға түсті.

12.01.26 ж. түзетулерімен түсті.

21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. Токенкызы

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 18.12.25.

Поступило с исправлениями 12.01.26.

Принято в печать 21.05.26.

ЯЗЫКОВАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ И ПРАГМАТИЧЕСКИЕ СТРАТЕГИИ В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ

Статья посвящена выявлению прагматических особенностей языковых средств в политических текстах. В статье анализируется функция языковой компетенции и прагматических стратегий в политическом дискурсе. Также выявляется, что политический текст, языковая компетенция и коммуникативные навыки политика, а также аспекты риторики являются основными средствами достижения политических целей. В статье анализируются структурный, функциональный и прагматический уровни языка. Функция иллокутивных и перлокутивных актов в политических текстах изучается с лингвопрагматической точки зрения. Объектом исследования стали дискурсы политиков нашей страны.

В современной лингвистике политический дискурс рассматривается как сложное коммуникативное явление, отражающее социальную, культурную и познавательную структуру общества. При анализе содержания политической коммуникации особенно важно учитывать социальные особенности, поскольку дискурс — это не просто языковое выражение, а результат идеологических отношений и социального взаимодействия в обществе. В этом процессе речь служит не только средством передачи информации, но и средством формирования общественного сознания, понимания социальных ролей и ценностей. Таким образом, язык становится социальным механизмом, обеспечивающим взаимодействие индивидов в политическом пространстве и регулирующим их познавательные действия. Речь — это особая форма социального действия, осуществляемая в конкретном идеологическом контексте, отражающая мировоззрение человека, коллективную память и политический опыт. Поэтому в статье всесторонне рассматриваются социальное значение, познавательное содержание и прагматическая функция речи в контексте изучения политического дискурса.

Ключевые слова: политический дискурс, языковая компетенция, прагматика, иллокутивный акт, перлокутивный эффект, коммуникационная стратегия, социолингвистика.

*G. Tokenkyzy

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 18.12.25.

Received in revised form 12.01.26.

Accepted for publication 21.05.26.

LINGUISTIC COMPETENCE AND PRAGMATIC STRATEGIES IN POLITICAL DISCOURSE

This article examines the pragmatic features of linguistic means in political texts and analyzes the role of linguistic competence and pragmatic strategies in political discourse. It demonstrates that political texts, linguistic competence, politicians' communicative skills, and rhetorical practices constitute key mechanisms for achieving political objectives. The study addresses the structural, functional, and pragmatic levels of language and explores the functions of illocutionary and perlocutionary

acts in political texts from a linguopragmatic perspective. The research material is drawn from the discourse of contemporary national politicians.

In modern linguistics, political discourse is regarded as a complex communicative phenomenon that reflects the social, cultural, and cognitive structures of society. The analysis of political communication necessarily involves social factors, as discourse represents not merely linguistic expression but the outcome of ideological relations and social interaction. Within this process, speech functions not only as a means of information transmission but also as a tool for shaping public consciousness and constructing social roles and values. Consequently, language operates as a social mechanism regulating interaction in the political sphere and guiding cognitive processes. Speech constitutes a specific form of social action realized within an ideological context, embodying individual worldviews, collective memory, and political experience. Accordingly, this article provides a comprehensive examination of the social significance, cognitive content, and pragmatic functions of speech in political discourse.

Keywords: political discourse, linguistic competence, pragmatics, illocutionary act, perlocutionary effect, communication strategy, sociolinguistics.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,73 МБ RAM

Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

6,73 МБ RAM

Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz